

№1 педагогикалық кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 28.08.2020ж

Қатыскандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасының 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.
2. Әр топтың 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспарымен, топтардың жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырылған оқу қызметінің кесетесімен, күн тәртібімен таныстыру және бекіту.
3. Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасының жазылуы. Жас мамандарға көмек.
4. Педагог мамандардың аттестациядан өту ережелерімен таныстыру.

Тыңдалды:

1. МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылының алғашқы пед кеңесі жүргізілді. Балабақша меңгеруші Нарбек Гүлнар Батырбекқызы жаңа оқу жылымен педагогтарды құттықтап, бүгінгі педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның 2020-2021 оқу жылында алға қойған мақсат міндеттерімен педагогтарды таныстырды. «Денсаулық» білім саласында денсаулығы мықты, дене бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру. «Қатынас» білім саласында балалардың ауыз екі сөйлеуін, өмірде түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру. «Таным» білім саласында баланың жеке тұлғасын қоршаған әлеммен өзара іс – әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту. «Шығармашылық» білім саласында шығармашылық қабілеттерді, сезімдік-эмоционалдық қасиеттерін, қиялды, ойлауды, көркем талғамды дамыту. «Әлеумет» білім саласында балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы мен қоғам дәстүріне баулу.

2. Екінші қаралатын мәселе бойынша балабақша әдіскері Ажибаева Нұрбала Батырханқызы 2020-2021 оқу жылына арналған «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиенің мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес әр топтың жас ерекшеліктерін ескере келе, тәрбиеленушілердің

мемлекеттік білім беру стандартын және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын игеруге байланысты, әр топтардың жасына қарай ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесімен, күн тәртібімен педагогтарды таныстырып, оны бекітуге балабақша меңгерушісі Гүлнар Батырбекқызына ұсынды.

3. Үшінші мәселе бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасының жазылуы. Жас мамандарға көмек бойынша педагогтар арасында өзара пікір талас жұмыстары жүргізілді. Балабақшада жаңадан ғана тәрбиешілік қызметін бастап келе жатқан мамандарға жетекшілер бекітіліп берді. Олар өз міндеттерінде әріптестеріне педагогикалық көмек бере отырып, ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасының жазылуы, оның стандарт талаптарына сай, үлгілік оқу мақсат, міндеттерінен ауытқымай жазу керектігін айтып, баланың жас ерекшелігіне сай оқу мақсаттарын смарт мақсат етіп алу керектігін ескере кетті балабақша әдіскері Нұрбала Батырханқызы.

4. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Гүлнар Батырбекқызы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы, өзгеріс 12.04.2018 жылғы №152 бұйрығымен, педагог мамандардың аттестациядан өту ережелерімен таныстырды. Осы оқу жылында біліктілік санатының мерзімі аяқталатын педагогтарды атап өтті. Олар осы жылы жаңа біліктілік санатына өтініш тастап, өздерінің портфолиоларын жинақтап, аттестацияның ережелерін орындау керектігін айтты. Пед кеңесте аттестацияның комиссия мүшелері құралып, олардың да өздерінің жұмыстарының мақсаты мен міндеттерін таныстырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. МККК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасының 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.
2. 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспары, топтардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі таныстырылып және бекітілсін. Жауапкершілік балабақша әдіскері Н. Ажибаеваға жүктелсін.
3. Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасының жазылуына, жас мамандарға көмек қолдау көрсету жетекшілеріне жүктеліп, міндеттелсін.
4. Педагог мамандардың аттестациядан өту ережелерімен таныстырылып, олардың жұмыстарын қадағалау балабақша әдіскері Н.Ажибаеваға жүктелсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:
Хатшы:



Г.Б.Нарбек.
Н.Б.Ажибаева.

№2 педагогикалық кеңес.

МККК «Аккөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 20.11.2020ж

Қатысқандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
2. Мектепке дейінгі тәрбиеде балаларды түрлі ойынға қызықтырудың маңызы ерекше.
3. МДҰ психологиялық қолайлық. (Баяндама)
4. Психологиялық тренинг: «Жаксы көңіл күй-жан азығы»
5. Шығармашылық ізденіске тапсырмалар беру.

Тындалды:

1. МККК «Аккөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылының №2 пед кеңесі жүргізілді. Балабақша меңгеруші Нарбек Гүлнар Батырбекқызы бірінші пед кеңестің шешіміне талдау жасай отырып, өткізілетін пед кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды. Бүгінгі пед кеңесте алдымен тәрбиеші Назира Сейдуалиеваның «Мектепке дейінгі тәрбиеде балаларды түрлі ойынға қызықтырудың маңызы мен ерекшелігі» жайлы пікірін тыңдаймыз. Тәрбиеші Н.Сейдуалиева өзінің бүгінгі пед кеңеске дайындап келген баяндамасында; балабақшада тәрбиелеуде ойын өткізу бағыттары Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты болу, ол - жас ұрпақты жан - жақты тәрбиелеу, ой - өрісін, сана - сезімін кеңейте, өмірге қажетті білім-дағдыларға үйрету. Ұлы педагог А. С. Макаренко айтқандай баланың өмірінде ойынның зор маңызы бар, үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызды қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткерді баулу алдымен ойын үстінде жүргізіледі. Ойынның барысында бала жан - жақты тәрбие алады, табиғи әрекет, көптеген мағлұмат береді. Балалық шақ - бұл қызықты ел. Мысалы: «Өзің құрастыр», «Кілем дүкені», т. б балаларды заттың пішінін, ойлау қабілетін, логикалық ойларын жетілдіреді және геометриялық пішіндер мен оның түр - түсімен таныстырады. Сонымен қатар оқыту процесінде (ештеңеден ойындар) қолдануға болады. Барлық ойыншықтарды сатып алу мүмкін емес, сондықтан балалармен бірге, кезекті ойын құралдарын дайындауға болады, бізді қоршаған ортаны айту. Бидайдан ойын (Золушка), жапырақтан (Алакан) ойыны, ілгек пен жіптен (Карусель) ойыны. Ойынды көне открытка, қорап, газеттерден жасауға болады. Ең негізгі роль балаларды оқытуда дамытушылық ойындар, есте сақтау, РТВ ойындары. Логикалық ойлау қабілетіне байланысты «Сикырлы шеңбер», «Не артық?», «Егіздер», «Төртбұрышты жина». Сонымен қатар саусак ойындарын ойнатуға болады. Мысалы: «Попугай», «Жоғалған әріп», т. б.

Ойын - оқыту, өсіру, денсаулықты нығайтумен қатар тәрбиелейді. Көпшілік адамдар арасында өмір сүру, айналасына қайырымды болуға, адал, киналған кезде қол ұшын, жәрдем беруге тәрбиелеу. Басқа адамның сөзін тыңдауға, қуанышын бөлісуге, қиын жағдайда жәрдем беруге, өз ойымен басқа адамның ойын салыстыра білуге осының бәрі тәрбиеге, сыйластыққа жатады, үлкенге жәрдем беріп, кішіге қамқор болуға (Не жақсы, не жаман) екенін айыра білуге сахналық ойын пайдалануға болады деп өз ойын қорытындылады.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша психологы Туреева Меруерттің мектепке дейінгі ұйымда психологиялық қолайлылық баяндамасы тыңдалды.

Ол өз баяндамасында: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» - деп Н.Ә.Назарбаев атап өткен. Елбасы жас ұрпақты жан-жақты тәрбие беруге ұстаздар қауымына зор міндет жүктеп отыр. Жер бағбаны ағаштың талын бір жерден екінші жерге ауыстыру үшін, алдын-ала орнын дайындап, тамырына тигізбей ағаштың түбін абайлап қана қазып, топырағымен бірге ауыстырады. Қанша баптағанмен ол ағаш алғашында ауырып, 3-4 күн өткеннен кейін ғана бұрынғы күйіне оралады. Ал балаға келетін болсақ, ата-ана баланың жана ортаға үйренуінің қиын өтетінін біле тұра, уайымдағаннан басқа ешқандай алдын-ала шаралар жасамайды. Ешқандай дайындықсыз баланы бөтен ортаға алып келеді. Осы жағдайға баланың өзінің көзімен қарап көрінізші. Оның өмірінде мұндай нәрселер бұрын-соңды болып көрген емес. Ол ата-анасынан мұндай ұзақ мерзімге ешқашан ажырап көрген жоқ. Мұндай белгісіз, өзіне түсініксіз жағдай баланың жүйке жүйесіне әсер етеді. Ол жылап, өзіне таныс емес адамдардың көмегінен бас тартып, ата-анасын шақыртып немесе үйге қашу әрекетін жасайды. Ата-аналар баласының бұл қылығына таң қалып, не себепті мінезінің күрт өзгергенін түсінбейді. Осы өзгерістердің барлығы баланың ұйқысы мен тәбетінің бұзылуына әкеліп соғады. Бала соншалықты қорқып қалғандықтан, кешкі мезгілде үйіне қайтып келгеннен кейін де ата-анасының қасынан ажырағысы келмей, түнде ұйқысы, күндіз тәбеті бұзылып, ас қабылдаудан бас тартады. Осы жағдайлардың әсерінен бала 3-4 күн ішінде дене қызуы көтеріліп, ауырып қалады. Бала күйзеліске ұшырап, онымен бірге жанұя мүшелері қиналып қалады. Ол тәрбиешілерге де оңайға соқпайды. Мұндай жағдайда балаға қалай көмектесуге болады? Оған баланың айналасындағы үлкендердің түгелдей атсалысуына тура келеді. Балабақша қызметкерлері – медбике, тәрбиешілер өз тарапынан көмектесуге дайын тұрады. Олар балабақша күн тәртібімен, гигиеналық жағдайымен, шынықтыру-сауықтыру шараларымен, ас мәзірімен таныстырып өтеді. Ата-аналар балабақша қызметкерлерінің кеңестеріне құлақ түруі керек.

Өз іс-тәжірибиесінен мысал келтіріп өтті, балабақшаға жанадан келіп жүрген баланың әкесі келіп, «менің балам түнде ұйықтап жатып, шошып жылайды. Орнынан атып тұрып, саусағын шошайтып, бір нәрселерді көрсетеді. Көзіне бірнәрселер көрініп жүргендей...»

Мұндай жағдайлар баланың балабақшаға бейімделу кезіндегі қалыпты жағдай, әрине әкесінің үрейленіп, қауіптенуі орынды жайт. Баласының мұндай қылығын бұрын байқамаған ата-ана балама не болды, балабақшаға апарғанымыз дұрыс болмады-ау, үйде-ақ тәрбиелей беруге болатын еді- деп түрлі ойға келеді.

Осы жағдайлар ескеріліп, ата-анаға түрлі кеңестер беріп, Әрине, ата-ана өз сұрағына жауап алғаннан кейін, мұндай жағдайлардың кездесіп тұратынын, калыпты жағдай екенін түсінеді.

4. Пед кеңестің келесі мәселесі бойынша балабақша психологының М. Туреева психологиялық тренинг: «Жаксы көңіл күй-жан азығы» ұйымдастырды. Тренинг мақсаты: Педагогтардың психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату.

Құрметті әріптестер, бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған әуенді терапия сағатына ұйымшылдықпен қатысуға шақырды. Педагогтар шеңбер құрып тұрады. Бәріне қағаз үйлестіріледі. Ол қағаздарда осы жерде тұрған педагогтары есімдері жазылған. Барлығы таңдап алады. Содан кейін 1 адам қолындағы қағазын оқиды, сол қағаздағы кісінің аты аталған адам мына сұрақтарға жауап береді.

1. Сіздің өмірдегі алған қойған мақсатыңыз?

2. Өмірде алған жетістіктеріңіз?

3. Бүгінгі тренингтен алған әсеріңіз?

Осы қойылған 3 сұраққа барлығы жауап береді.

«Бақыт деген не?» деген сауалдың «Бақыт деген ол таңертең жұмысқа, кешкісін үйге асығу» деген жауабын естіген шығарсыз. Расында да, сүйікті жұмысыңызға, қызыметтестеріңізге ақ көңіліңізбен асығып жетсек, жұмыстан жылы ұямыздың шуағына кеңелу үшін асыққанымыз, көңіліміздің тыныштығын білдірмей ме? - деп тренингті аяқтады.

5. Келесі мәселе бойынша шығармашылық ізденіске тапсырмалар беру бойынша балабақша әдіскері Н. Ажибаева педагогтарға шығармашылық-танымдық іс-әрекет нәтижесі болып табылады. Шығармашылық дегеніміз – өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің, түрткінің (мотивтік) болуы. Көптеген зерттеулерді талдау нәтижесінде шығармашылық іс-әрекет нәтижелері баланың жеке тұлғасына, біліктерінің жетілуіне, психологиялық тетіктер арқылы оң әсерлері бар рефлексия нәтижесінде өз әрекетіне және сол әрекеттің бірлескен іс-әрекет мазмұны мен түріне сәйкес көзқарастары калыптасатыны анықталып отыр. Оқу үрдісінде танымдық тапсырмаларды орындау шығармашылықты, ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау: өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау, зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу, болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет рефлексиясы кезеңдерімен жүзеге асады. Оқу жұмысына шығармашылық мақсат қою, оны жоспарлау баладан зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, мақсаткерлік, белсенділік қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді. Шығармашылыққа баулу, калыптастыру процесі нақ балабақшадан басталады. Кез келген бала педагогтың

басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады,- деп өз ойын аяқтады.

Жарыс сөзге шыққан педагогтар: Қалтай Күлжамал, Бектұрған Атипа, Әсіл Айгүл бүгінгі пед кеңеске өз ойларын айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында оқу тәрбие үдерісінде ойын түрлері кенінен қолданылсын.
2. МДҰ психологиялық қолайлылық орын алып, психолог жұмысы жандандырылсын.
3. Балабақшада қызметкерлермен психологиялық жұмыстар жүргізу міндеті психолог М. Турееваға жүктелсін.
4. Шығармашылық ізденіс жұмыстары балабақшада жандандырылсын.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Н.Б.Ажибаева.

№3 педагогикалық кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 11.01.2021ж

Қатыскандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
2. Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың бойына патриоттық құндылықтарды қалыптастыру» Баяндама.
3. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларға, дербестікке тәрбиелеу.
4. I -жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру. ҰОҚ –терді талдау.
5. Топтардағы аралық мониторинг қорытындысын жасау, талқылау.

Тыңдалды:

1. МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылының №3 пед кеңесі жүргізілді. Балабақша менгеруші Нарбек Гүлнар Батырбекқызы екінші пед кеңестің шешіміне талдау жасай отырып, өткізілетін пед кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Әсіл Айгүл Жаппарқызының «Мектепке дейінгі балалардың бойына патриоттық құндылықтарды қалыптастыру» баяндамасы тыңдалды. Қай ел, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт ең алдымен келешек ұрпаққа оқу-білім және өнегелі тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен қарап, өзіндік бағасын түйсінуді, қуаттап, қолдауды пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Мәңгілік ел — ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ-мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел», - деді. Сондықтанда біз бүгінгі ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған баймұрамыз салт-дәстүрлерімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек деп өз ойын қорытындылады.

3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер Жасек Пернекүл, Жайдарбекова Балжан, Әбен Бағила балаларды мәдени-гигиеналық дағдыларға, дербестікке тәрбиелеу туралы

өз ойларын айтып ортаға салды. Балалық шақтың алғашқы күндерінен бастап баланы мәдени –гигиеналық дағдыларға үйрету керек. Балаға мәдени –гигиеналық дағдылар ережесін үйрету арқылы ересектер әлеміне жол ашамыз. Бұл процесті бала өсіп толсын әлі кішкентай деп кейінге қалдыруға болмайды. Бұл кәте пікір . Мәдени –гигиеналық дағдылар мәдени қарым –қатынастың жеке бір бөлігі боп саналады. Ұқыпты боп жүру , қолдарын , денелерін таза ұстап , шаштарын тарап , аяқ киімдерін таза ұстау маңызды . Балалар бұл әрекеттің барлығы айналаға деген сыйластықтың белгісі екендігін түсіну керек. Яғни , кез –келген адамға қолы лас адаммен амандасу , лас киім киген адамға қарауға құлықсыз болатынын түсіну керек. Олақ , өз –өзіне қарай алмайтын алмайтын адам жұмысқа да жауаптылық танытпайды. Гигиеналық тәрбиенің мәдениеттілік тәртіппен байланысы бар. Кішкене кезден бастап тамактану барысында ұқыпты тамактануға , асықпай шайнап жеуге , ас құралдарын пайдалана білуге , сүлгіні пайдалана білуге , шәй ыдыстары мен ас ыдыстарын таныстырып , ас мәзірін дайындауға қатанастырып үйретіледі. Тамактану барысында жәймен сөйлеп , ұртын асқа толтырып сөйлемеуге , жанындағы балалардың сұранысын тындай білуге үйретіледі. Ас мәзірінде ас құралдырының қойылу тәртібіне әдемілікті сезіне білуге тәрбиеленеді.

4. Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Ажибаева I -жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беріп, ҰОҚ – терді талдау жасады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы Әбен Бағиланың «Денсаулық» әлеміне саяхат» оқу-қызметінің мақсаты балалардың денсаулығына нығайту, дене жаттығуларын арттыру, дұрыс және нақты орындауға үйрету. Балаларды шапшаңдық пен ептілікке, төзімділік сияқты қасиеттерін дамыту. Оқу қызметінде түрлі ойындар ойналып, түрлі жаттығулар жасалды.

Тәрбиеші Қалтай Күлжамалдың «Бауырсақ ертегісі» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларға ертегіні мұқият тыңдауға, кейіпкерлерді ажырата білуге, олардың қимылдарын көрсетуге үйретті. Слайд экраннан ертегіні көрсетіп, сергіту сәтін жасап, ертегіні қолғап театры арқылы көрсетті.

Тәрбиеші Сағатова Салтанаттың «Ботакан» ерте жас тобындағы «Торғайға жем шашамыз» тақырыбындағы оқу қызметін талқылады. Балаларға торғайдың дене мүшелерімен таныстырып, кесілген бөліктерден торғай бейнесін құрастырып, торғайлады қоректендіру үшін саз балшықтан жемді жасады.

Тәрбиеші Сүйіндікова Гүлнараның «Ормандағы аңдар» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде аңдардың дене бөліктерін ажыратып, оларды атап балаларға тілдік коммуникативтік қатынас орнатты. Балаларға «Аю мен қоян ертегісін» тыңдатып, төлін тап дидактикалық ойынын ойнатты. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметтері өз мақсаттарына жетті. Балабақшаның педагог әріптестері ұоқ жақсы өтті деген баға берді.

5. Топтардағы аралық мониторинг қорытындысын жасау, талқылау бойынша балабақша әдіскері Н. Ажибаева 2020-2021 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының аралық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды талдау жасады. Барлық топтар бойынша I -деңгейде 79 бала. Яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 40%,

II -денгейде 88 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 44%; III -денгейде 33 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 17% құрап отыр. Бұл дегеніміз балалармен әліде жұмысты жандандыру керек деген сөз. Орта, жоғары деңгейге балаларды көтеру керек әліде.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Өткен педагогикалық кенестің шешімін талдау жасалып, қорытындылансын.
2. Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың бойына патриоттық құндылықтарды қалыптастыру» баяндамасы баспа сөз бетіне жариялансын.
3. Балалардың мәдени- гигиеналық дағдыларға, дербестікке тәрбиелеу жұмыстары кеңінен жолға қойылып, тәрбиешілерге жүктелсін.
4. I -жарты жылдықтағы оқу- тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру және ұок – тері өз уақытысында орындалып, қадағалау әдіскер Н.Ажибаеваға жүктелсін.
5. Топтардағы мониторинг қорытындысы бойынша жұмыстар жолға қойылып, баламен жұмыс жасау жұмыстары топ тәрбиешілері мен пән мұғалімдеріне міндеттелсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Н.Б.Ажибаева.

№4 педагогикалық кеңес.

МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 17.03.2021ж

Қатыскандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау анализі.
2. Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін логикалық ойын арқылы қалыптастыру» Баяндама.
3. Кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметтерін мектеп жасына дейінгі балалармен өткізу барысында түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерекшеліктері.

Тыңдалды:

1. МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылының №4 пед кеңесі жүргізілді. Балабақша меңгеруші Нарбек Гүлнар Батырбекқызы үшінші пед кеңестің шешіміне талдау жасай отырып, өткен пед кеңестегі қаралған мәселелер бойынша жұмыстардың жүргізілуі жайлы балабақша әдіскері Н. Ажибаевадан сұрады. Жұмыс нәтиже бергендіктен, өткізілетін пед кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды.

2. Екінші мәселе бойынша «Мектепке дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін логикалық ойын арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы балабақша әдіскері Н. Ажибаеваның баяндамасы тыңдалды. Елбасымыз - Н. Ә. Назарбаев өз жолдауында «Бізге қоғам қажеттіліктеріне сай келетін осы заманға лайықты азамат, азаматша тәрбиелеу-балабақшадан басталады» деген болатын. Сондықтан да бүгінгі өскелең ұрпаққа уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі, толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге қатар жүрері анық. Балабақшада берілген тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан - жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие- үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Демек, бала - біздің болашағымыз болса, баланың болашағы біздің қолымызда. Сондықтан бүгінгі таңда тәрбиешінің алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекетімен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

«Құзыреттілік - бала іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал құзырет дегеніміз алға қойған максаттарға жету үшін ішкі және сыртқы

ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық». Мектепке дейінгі жаста барлық үш ойлау дамиды және қызметін атқарады: көрнекі-әрекеттік, бейнелік және сөздік-логикалық. Олардың әр қайсысы өзіндік қарым-қатынас пен байланысты орнатуға, заттардың сипатын жалпылауға көмектеседі. Ойлау қабілетін дамытуға арналған ойындар: «Ұқсастығын тап», «Сурет құрастыр», «Қатармен кой», т.б. Мектепке дейінгі жас - тілдің қарқынды даму кезеңі. Әнгімелесу функциясымен қатар тіл ойлау тәсілнің функциясын атқарады. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы. Осыған орай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған болса, тәрбиеші баланы жігерлендіруші, жол көрсетуші, қуат беруші болып табылады- деп өз ойын қорытындылады.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша педагогтарының кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметтерін мектеп жасына дейінгі балалармен өткізу барысында түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану бойынша балабақша тәрбиешісі Н. Сейдуалиева өз ойын ортаға салды.

Заман көшіне ілесе отырып, жанашыл бағытта жұмыс жүргізу — барша педагог алдында тұрған негізгі міндеттердің бірегейі. Бүгінгі күні балабақша ішінара қайта құруларға жол беріп, көп істерде он өзгерістерге қол жеткізуде. Әр педагогтің шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол берілген. Бүгінгі бала — ертеңгі жаңа әлем. Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жанашыл тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді. Менің де тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым – балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар, олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру. Сол себепті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, құштарлығын танытуға бағыттаймын. Соңғы кездері өз тәжірибемде дамыта оқыту технологиясының элементтерін қолданып келемін. Бұдан басқа балабақшада қолдануға тиымды технологиялар: 1. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы. 2. Тәй - тәй технологиясы 3. Монтессори технологиясы 4. Зайцев технологиясы 5. Дамыта оқыту технологияларында әрбір қол қызметімде пайдаланамын.

Жарыс сөзге шыққандар:

Тәрбиешілер; Мынжасар Акбота Қалдәулетқызы, Нарбек Ұлжан Батырбекқызы, Жаппарова Жанар Абдурахимқызыда өз ойларын ортаға салып, әрбір ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктіре отыра балаларға өте тиімді, әрі қызықты. Бала қай бағытта жұмыс жасағысы келсе соны жасауға мүмкіндік болады.

5. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерекшеліктері бойынша балабақша тәрбиешісі Бектұрған Атипа Ережепқызы өз ойымен бөлісті. Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән

берілген. Ұрпақ тәрбиесіндегі басты ұстаным-тәрбиелеудің ұлттық жолдарын саралап, айқындап бала бойына сіңіре білу. Яғни, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. Өйткені, ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін жақсы білетін, сүйетін,

ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру. Қорыта келгенде, кез – келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Жалпы балабақша тәрбиешілерінің педагогикалық күш-жігері Отанды, халқымызды, туған-туысты құрметтейтін шығармашыл және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Алдымызда осы құндылықты бойына сіңірген, Отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аябайтын, білімді иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.

Балабақша әріптерінде бұл ойдың дұрыс екенін айтып, әрине балабақшадағы балаларды:

«Ойната отырып- тәрбиелейміз»

«Ойната отырып – оқытамыз»

Ұлттық құндылықтарды балаларға насихаттау арқылы-балаларды отансүйгіштікке, елін-жерін қорғауға, үлкенге- құрмет, кішіге-ізет жасауға баулу отырамыз деп өз ойларын қоса кетті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Педагогикалық кеңесте қаралған мәселер қорытындылансын.
2. «Мектепке дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін логикалық ойын арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы баяндамасы әлеуметтік желілерге жариялансын.
3. Кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметтерін мектеп жасына дейінгі балалармен өткізу барысында түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану кенінен жүргізіліп балабақша тәрбиешілеріне жүктелсін.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерекшеліктері жалғасын тапсын.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Н.Б.Ажибаева.

№5 педагогикалық кеңес.

МККК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылындағы
№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 21.05.2021ж

Қатысқандар саны: 28.

Тақырыбы: «Педагогикалық ұжымның оқу жылындағы жұмысының нәтижелілігі»
қорытынды кеңес.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Тәрбиешілер мен мамандардың есебі.
2. Қосымша білім беру қызметтері бойынша педагогтардың есебі.
3. Барлық топтардың базалық оқу бағдарламасын меңгеру мониторингі.
4. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын таныстырып, бекіту.
5. 2020-2021 оқу жылдарына педагогтар ұсынған аттестациялау мен қайта аттестациялау туралы өтініштерін қарау.

Тыңдалды:

1. МККК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2020-2021 оқу жылының №5 пед кеңесі жүргізілді. Балабақша менгеруші Нарбек Гүлнар Батырбекқызы өткізілетін пед кеңестің күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды.

Тақырыбы: «Педагогикалық ұжымның оқу жылындағы жұмысының нәтижелілігі» қорытынды кеңес екенін айтты. Осы жылғы жасаған жұмыс нәтижелерінің қорытындыларын тыңдап, есебін алу.

Бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілерімен мен мамандардың шығармашылық есебі тыңдалды. Балабақшаның «Ботакан» ортаңғы топ тәрбиешілері: Сағатова Салтанат пен Жайдарбекова Балжан жылдық есеп бойынша топтарында 25 бала тізім топты аяқтады, балаларға коммуникативтік тілдік- қатынас дағдылары бойынша біршама жұмыстар жүргізді. Балаларды сөздік қорларын байыта отырып ертегілеріді, такпақтарды, өлеңдерді жатқы айтуға дағдыландырғандығын айтты. «Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобының тәрбиешілері Жаппарова Жанар мен Нысанбай Эльмира биыл балабақшадан мектеп табалдыорығына 25 тәрбиеленуші кететінін айтты. Барлығыда мектеп бағдарламасын меңгеруге дайын екенін, және де ата- аналардың алғыс айтып жатқандығын жеткізді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын толықтай меңгерді.

Саз жетекшісі Қынат Сейілкас пен мен би үйретуші Жайдарбекова Эльмираның есептері тыңдалды. Барлық іс- шаралар мен ертеңгіліктерді өз деңгейінде өткендіктерін, балаларға ән айту мен би қимылдарын жас ерекшеліктеріне қарай үйреткендіктерін айтты.

2. Екінші мәселе бойынша қосымша білім беруді қажет ететін логопед-дефектолог Оразбаева Динараның есебі тыңдалды. Ол жыл басында арнайы білім беруді қажет ететін, яғни сөйлеу тілінің жалпы дамуында кемшіліктері бар 12 бала

ППМК қорытындысымен тіркеліп жұмыс жүргізгендігін айтты. Сөйлеу тілінің дамымауы әртүрлі деңгейде кездеседі. Логопедтің міндеті – ата-ананы өзіне көмекші ретінде тарту; бұл жұмыстың әсерлі бағыт алуына бағытталады. Міндетті түрде ересектерге бала тапсырманы тек көңіл күйі жайдары, қуанышты кезде ғана орындайтынын ескеру керек. Балаға ештеңені мәжбүрлеуге болмайды. Ұсынылған тапсырмалар түрлері мен логопедтің кеңестері ата-аналарға балалардың үйде дұрыс дамып, оқуына үлкен көмегін тигізгендігін айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Ажибаева барлық топтардың базалық оқу бағдарламасын меңгеру мониторингінің қорытындысын айтты. Топтардағы қорытынды мониторингі 2020-2021 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша қорытынды талдау жасады. Барлық топтар бойынша I -деңгейде 52 бала, Яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 26%, II -деңгейде 98 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 49%; III -деңгейде 50 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 25% құрап отыр. Бұл дегеніміз аралық мониторинг нәтижелеріне қарағанда қорытынды да балалардың жоғары деңгей үлесі көтерілген.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын балабақша меңгерушісі Нарбек Гүлнар таныстырды.

Максаты: Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дене және психикалық денсаулықтарын сақтау және нығайту, өсіп келе жатқан ағзаның демалыс уақытында, шығармашылық қызмет және қозғалыс кезіндегі қажеттіліктерді қанағаттандыру.

Міндеттері:

1. Балалар денсаулығы мен өмірін сақтау.

2. Балалар денсаулығын психологиялық және шынығуын сақтап жаз уақытына оңтайлы жағдай жасау.

3. Балалардың танымдық дамуына қызығушылығын арттыруға жағдай жасау.

4. Экологиялық мәдениеттің әкурсия, тірі және өлі табиғатты бақылау, көкөністерді отырғызып, оны күту арқылы жоғарлату.

5. Серуен, ойын, ұйымдастырылған білім беру кезінде түзетушілік – дамытушылық жұмысты жүзеге асыру.

6. Жазғы кезеңде балаларды тәрбиелеу және сауықтыру сұрақтары бойынша ата – аналарға педагогикалық және санитарлық кеңестер беру. Осы мақсаттар мен міндеттер биылғы жазғы сауықтыру кезеңіне жоспарланып отыр.

5. Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Ажибаева 2020-2021 оқу жылдарына педагогтар: Э. Нысанбай, К.Қалтай, Б.Досым, Г.Сайдвалиева ұсынған аттестациялау мен қайта аттестациялау туралы өтініштерін айтты. Биылғы аттестаттау мынадай кезендерді қамтиды:

педагогтер үшін:

1) Біліктілік тестілеуі;

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау екенін айтып олардың шілде айында ашылатын біліктілік тестілеуге тіккелу керек екенін ескертті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Тәрбиешілер мен мамандардың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қосымша білім беру қызметтері бойынша логопед-дефектологтың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Барлық топтардың базалық оқу бағдарламасын меңгеру мониторингі қанағаттанарлық деп танылсын.
4. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін, мақсаттар мен міндеттер бойынша жұмыстар жүргізілсін.
5. 2020-2021 оқу жылдарында аттестациялауға ұсынған педагогтар біліктілік тестілеуге ЮСТАДИ орталығына тіркеліп тестке жіберілуін қадағалау балабақша әдіскері Н.Ажибаеваға жүктелсін.

«Ақкөгершін» б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Б.Нарбек.

Н.Б.Ажибаева.